

## АКТ

2024 жылы қазанның 24 күні мектеп асханасының жұмысы тексерілді. Тексерудегі мақсат - тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу. Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс істеуін бақылау.

Тексеру жүргізгендер:

1. Мектеп директоры, комиссия төрайымы: А. Тажмаганбетова
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы: А. Байжан
3. Әлеуметтік педагог: А. Аскарова
4. Мектеп медбикесі: М. Әженова
5. Ата-ана: Ж. Жанайысова

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерилер:

1. Мектеп асханасының тазалығы. Ас әзірлейтін блоктың санитарлық жай-күйі.
2. Азық-түліктерді уақытылы пайдалану және олардың сакталу мерзімі. Асты дайындау техникасы. Тағамға бетбелгі қою.
3. Тамақтарды тоқазытқышта, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сактаудың температуралық-ылғалдылық режимі.
4. Перспективалық мәзірдің және күн сайынғы мәзірдің, дайындалған астардың сәйкестігі.
5. Қызметкерлердің қызметтік формаларының талап сай болуы.

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастырудың сапасына тексеру жүргізілді.

Аспаздардың сыртқы киім үлгісі санитарлық талапқа сай емес. Ас мәзірі, сыныптардың тамақтану кестесі бар. Бастауыш, орта және жоғарғы буын сыныптарының тамақтану мерзімі қойылып ережесі сакталған. Тексеру кезінде ас мәзірі оқушыларға берілетін ас мәзіріне сәйкес әзірленген.

Кемшіліктер:

1. Қантты салуға арналған арнайы құралдың болмауы.
2. Желдеткіштің жасамауы.
3. Тістелген, шіріген алма қалдықтарының тоқазытқышта дайындалған тағаммен бір ыдыста сакталуы.
4. Ас блоктарында өткір иістің болуы.

Ұсыныс:

Буфеттік тағамдарды дайындауға арналған орынды терезесі бар, ашық орынға ауыстыру.

Комиссия асхана жұмысын жан - жақты тексеріп, төмендегідей шешімге келді.

Шешім: Брокераж комиссиясының қорытындысы бойынша ас блогын тексеру мақсатында СЭС-ке хабарлама жіберілсін.

1. Мектеп директоры, комиссия төрайымы
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы
3. Әлеуметтік педагог
4. Мектеп медбикесі
5. Ата ана

А. Тажмаганбетова  
А. Байжан  
А. Аскарова  
М. Әженова  
Ж. Жанайысова

Асхана менгерушісі: А. Жилкишиева

Жилкишиева

## **Хаттама № 2**

24.10.2024 жылы тамақтың сапасын қадағалау комиссиясының отырысы болып өтті.

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасының тазалығы.
2. Азық-тұліктерді уақытылы пайдалану және олардың сақталу мерзімі.
3. Тамақтарды тоңазытқышта, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимі.
4. Перспектиналық мәзірдің және күн сайынғы мәзірдің, дайындалған астардың сәйкестігі.
5. Қызметкерлердің қызметтік формаларының талап сай болуы.

### **Тындалды:**

Мектеп асханасының тазалығы үнемі тексеріліп отырады. Аптаның 5-ші күні толық тазалау жұмысы жүргізіледі. Тоңазытқыштар жұмыс жасап түр. Асхана пеші жұмыс жасап түр. Асханага су келіп түр. Қызметкерлер жұмысы талапқа сай.

### **Сөйлеу:**

#### **1. А.Тажмаганбетова**

Мектеп асханасының толық жөндеуді қажет ететіндігі үнемі ескертіліп келеді. Ас әзірлейтін блоктардың жай - күйінің талапқа сай еместігі көкейде жүрген мәселе.

#### **2. А. Байжан**

Ас мәзірі, сыныптардың тамақтану кестесі бар. Бастауыш, орта және жоғарғы буын сыныптарының тамақтану мерзімі қойылып ережесі сақталған. Тексеру кезінде ас мәзірі окушыларға берілетін ас мәзіріне сәйкес әзірленген.

Тексеру барысында бірқатар кемшіліктер де анықталды. Қант салуға арналған арнаиы құрал жетіспейді. Алма қалдықтары тоңазытқышта дайындалған тағаммен бір ыдыста сақталып түр.

Ұсынысым: Буфеттік тағамдарды дайындауға арналған орынды терезесі бар, ашық орынға ауыстыру. Ұсынысты беру себебім ас блогындағы жағымсыз, өткір істің болуы.

#### **3. М. Әженоға**

Асхана тазалығы, тамақ берілісі жақсы. Тамақ сапасын, құрамын үнемі тексеріп отырамын. Асхана қызметкерлерінің денсаулығын үнемі бақылап отырамын.

### **Қаулы:**

Бракераж комиссиясының қорытындысы бойынша ас блогын тексеру мақсатында СЭС-ке хабарлама жіберілсін.

Жиналыс төрайымы:  А.Тажмаганбетова  
Жиналыс хатшысы  А. Асқарова